

Ауғанстанда үстем болу, Күш-құралдарды жетілдіру, Ынтымақтастықты нығайту



2006 жылғы 28-29 қарашада Ригада өткен жоғары деңгейдегі кездесу НАТО үшін маңызды оқиға болды. «Қырғи-қабақ соғыс» аяқталғалы бері НАТО-ға мүше 26 елдің мемлекет және үкімет басшылары осымен сегізінші рет, ал НАТО-ға жаңадан мүше болған елдің астанасында тұңғыш рет жиналып отыр. НАТО Бас хатшысы Яап де Хооп Схеффер айтқандай, «кездесудің демократиялы әрі еркін елге айналған Латвияда өткізілуі Еуропаның қаншалықты жақсы жаққа қарай өзгергенінің ең айқын дәлелі болды».

Латвия астанасында НАТО-ға мүше елдердің басшылары Ауғанстандағы НАТО-ның миссиясы бойынша өздерінің ұстанымдарын нығайтып, халықаралық қатысуды кеңейтуге шақырды. Олар НАТО-ның әскери күш-құралдарын одан әрі жетілдіру жөнінде шаралар қабылдады және серіктес елдермен өзара қатынастарды тереңдетіп, кеңейтетін бастамаларды бекітті. Осылайша, Солтүстік Атлантика Одағы XXI ғасырдағы қауіпсіздікке төнген жаңа проблемаларды шешу үшін бейімделуге қабілетті екендігін көрсетті.

Ригада НАТО-ға мүше елдердің басшылары алдағы он жылға және одан да ұзақ мерзімге арналған НАТО күш-құралдарының барлық мәселелері бойынша жоспарлау бағыттары мен барлаудың басымдылықтарын анықтайтын басты саяси құжат – Жан-жақты қамтитын саяси нұсқауларды бекітті. Бұл нұсқаулар әскери-саяси одақтың 1999 жылы қабылданған Стратегиялық тұжырымдамасын қуаттайды. Оларда халықаралық лаңкестіктің және жаппай қырып-жою қару түрлерінің таралуы мен олардың жеткізілуі, сондай-ақ тоқырауға ұшыраған немесе ыдырау үстіндегі мемлекеттер туындатып отырған тұрақсыздықтың, аймақтық дағдарыстардың, жаңа технологиялардың жаңсақ қолданылуы және өмірлік маңызы бар ресурстардың жеткізіліміндегі ретсіздіктердің Солтүстік Атлантика Одағына төнетін басты қауіп екендігі көрсетілген.

Осындай жағдайда нұсқауларда Солтүстік Атлантика Одағы орындай алуы тиіс операция түрлері мен оған қажетті күш-құралдар көрсетілген. НАТО күштері дәлме-дәлдік, икемділік әрі шеберлік, сондай-ақ міндеттердің тұтас бір кешенін орындай алу сияқты қабілетін сақтап қалуға тиіс. Нұсқауларда, сонымен қатар НАТО жүргізуге тиіс кішігірім операциялардың да саны мен қатары ұлғаятыны атап көрсетілді.

Ригадағы саммит кезінде НАТО үш құрлықтағы алты миссияны және операцияларды орындауға қатысып жатты: Ауғанстандағы Қауіпсіздікке жәрдемдесу халықаралық күштері; Косово үшін күштер (КФОР); Жерорта теңізі аймағындағы «Белсенді әрекет» операциясы; НАТО-ның Сараеводағы штабы; НАТО-ның Ирактағы кадрлар даярлау жөніндегі миссиясы және Судандағы Африка одағының миссиясына қолдау көрсету. Кездесу барысында НАТО-ға мүше елдердің басшылары осы миссияларда қызмет еткен жауынгерлер мен сол кездегі іс-қимылдарға қатысушы 50 мыңнан астам адамға құрмет көрсетті. Сонымен қатар, олар бір минут үнсіздік жариялап, қазаға ұшырағандарды еске түсірді және жараланғандарды демеді.

> Ауғанстан мен Косоводағы тұрақты міндеттеме

Рига саммиті 28 қарашада жұмыс бабындағы кешкі астан басталып, негізінен НАТО-ның негізгі басымдығы Ауғанстанда бейбітшілік орнату мен тұрақтылықты сақтауға жәрдем беруге арналды. НАТО елдерінің лидерлері өздерінің ынтымақтастығы мен осы мақсатқа өздерінің ұзақ мерзімді адалдығы туралы тағы да мәлімдеді, НАТО басқаратын Қауіпсіздікке жәрдемдесу халықаралық күштерінің тиімділігін әрі қарай күшейту мақсатында күштер қалай, қашан және қайда қолданылатынына қатысты ескертулерді жоюға келісті. Сонымен қатар, НАТО-ға мүше елдердің басшылары төтенше жағдай орын алғанда әрбір одақтас ел, шешілмей қалған мәселелерге қарамастан, көмекке мұқтаж күштерге жәрдемге келетінін тағы да растады. Сондай-ақ, бірқатар елдер Ауғанстанның ұлттық армиясын даярлау үшін қосымша құралдар, соның ішінде соғыс ұшақтарын, тікұшақтар, жаяу әскери роталары мен жаттықтырушы топтарын бөлуге міндеттенді.

Ауғанстандағы ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін елді қалпына келтіру мен дамудың маңыздылығын мойындай отырып, НАТО-ға мүше елдердің басшылары халықаралық қатысуды кеңейтуге және оның саяси, әскери және экономикалық жақтарын ескере отырып, мәселені жан-жақты қарастыруға шақырды. Саммит мәлімдемесінде НАТО жетекшілері «Ауғанстанда даму болмаса, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүмкін емес, ал қауіпсіздік орнамаса, даму мүмкін емес», – деп атап көрсетті. НАТО-ға мүше елдердің басшылары маңызды стратегиялық мәселелерді талқылау және олар бойынша бір мәмілеге келу үшін негізгі мүдделі тараптардың басын қосатын Байланыс тобын құру туралы ұсынысты жылы қабылдады. Бұл ұсынысты әрі қарай әзірлеу Бас хатшыға жүктелді.

НАТО-ға мүше елдердің басшылары, сонымен қатар, НАТО жетекшілік ететін Косово Күштері (КФОР) туралы мәселені талқылап, Косовоның мәртебесін анықтау кезіндегі қауіпсіздікке байланысты ережелерді орындауға Альянстың қатысуға әзір екендігін растады. НАТО жетекшілері Косоводағы сәттілік Ауғанстандағыдай бірлесіп әрекет етуге байланысты болатынын ашып айтты. Сондықтан НАТО өзінің қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету жөніндегі іс-әрекеттерін Біріккен Ұлттар Ұйымының, Еуропалық Одақтың және Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымның басқару мен реформаларды қолдау жүйесін құруға бағытталған іс-әрекеттерімен үйлестіруді жалғастыра беретін болады.

> Әскери дайындығы жоғары НАТО күштері

Ригада Альянс жетекшілері НАТО-ның Төтеп беру күштері (НРФ) әскери қимылдарға толық дайын екендігін жариялады. Альянс кез келген қажетті жерге аттандыра алатын озық технологиялы күштер құрлық, әуе, теңіз және арнаулы мақсаттағы әскер бөлімдерінен құралған. Олар қауіпсіз жерге көшіру, апатты жағдайларды басқару, лаңкестікке қарсы күрес және алдыңғы шептегі әскери күш қызметін атқару сияқты операциялардың кең ауқымын қамтитын миссияларды әлемнің кез келген нүктесінде орындай алады. Оның сандық құрамы 25000 жауынгерден құралуы мүмкін, ал хабар алысымен ол тиісті орындарға бес күн ішінде аттанып, операцияларды орындау кезінде өзін-өзі 30 күн немесе қайта жарақтандырылған жағдайда одан да ұзақ уақыт бойы қамтамасыз ете алады.

Бас хатшы НРФ күштерінің толық әскери дайындығына байланысты: «Бұл – ең басты жетістік, өйткені еуроатлантикалық қоғамдастықта мұндай күш-қуат бұрын-соңды болмаған» деп сипаттама берді.

НАТО-ға мүше елдердің жетекшілері Ригада НРФ күштерінің қысқа мерзімде алынған хабар бойынша аттануын бірлесіп қаржыландыру туралы келісімге келді. Бұл келісім күштердің болашақтағы іс-қимылдарына қатысушы мемлекеттер үшін ынталандыру құралы болуға тиіс.

Келісімде көбінесе әуе тасымалы туралы айтылады, өйткені ол, Бас хатшының айтуынша, «ең көп орасан шығынды құрайды». Саммит кезінде Рига әуежайында Boeing C-17 ұшағы көрсетілді. НАТО-ға мүше он төрт ел мен Швеция НАТО стратегиялық әуе тасымалдарының құралдары туралы бастамасына сәйкес C-17 ұшақтарының үш-төртеуін бірлесіп сатып алып, пайдалануға ниет білдірді. Бұл бастама ресейлік және украиндық АН-124 ұшақтарын пайдалануға берген қолданыстағы Стратегиялық әуе тасымалы жөніндегі уақытша шешімге толықтыру болып табылады. Тағы да бір бастама бойынша болашақтағы А400М тасымал ұшағын қолдау үйлестірілу үстінде.

НАТО Төтеп беру күштері мен Альянс жетекшілік ететін басқа да күштер келешекте НАТО ұрыс қимылдары алаңындағы белсенді баллистикалық зымыранға қарсы қорғаныс жүйесі арқылы қорғанатын болады. НАТО мен осы бағдарлама бойынша жұмыс істеп жатқан өнеркәсіп тобының жетекшісі «Сайенс Аппликейшнз Интернешнл Корпорейшн» (SAIC) корпорациясы құны 75 млн. евро тұратын жүйені жобалау және біріктіру туралы келісім-шартқа Ригада қол қойды. Осылайша НАТО әскери іс-қимылдары алаңындағы зымыранға қарсы қорғаныс жүйесі жоспар бойынша әзірленіп, 2010 жылы алғаш іске қосылатын болады.

Ригада НАТО жетекшілері бірлескен жаттығулар санын көбейту, доктриналар әзірлеу, құрал-жабдықтарды жетілдіру мен өзара әрекеттестікті нығайтуды көздейтін арнайы операцияларды орындайтын күштерді жаңарту туралы бастаманы ұсынды. Сонымен қатар, одақтастар жерді әуеден бақылау, материалдық-техникалық қамсыздандыру және барлау мәліметтерін алмасу сияқты

қазіргі операциялар үшін маңызды болып табылатын басқа да жұмыс бағыттарын белгіледі. НАТО-ның іс жүзіндегі жаңаруын көрсететін осы жұмыс және басқа да іс-әрекеттердің тұтас бірқатары Саммит кезінде жаңару тақырыбына арналған көрмеге қойылды.

Жаңару үшін ақша қажет. Рига саммитінің мәлімдемесінде НАТО-ның алдына қойылған міндеттерді орындауына қажетті қаражатты одақтастардың жеке және ұжымдық негізде бөлуді жалғастыра беретіні айтылды. Сондықтан олар қорғанысқа аз қаржы жұмсайтын мүше мемлекеттерді бұл шығындарды іс жүзінде көбейтуге шақырды.

> Жаңа әріптестерге есік ашу

Ригада НАТО-ға мүше елдер басшылары «Бейбітшілік үшін әріптестік» және Еуроатлантикалық серіктестік кеңесі ұйымдарына тағы үш елді, атап айтқанда, Босния мен Герцеговина, Черногория және Сербияны шақыруға келісті. Бас хатшы «Бейбітшілік үшін әріптестік» ұйымына мүшелік бұл елдерді «еуроатлантикалық жанұяға жақындата түседі» дей отырып, бұрынғы Югославия бойынша Халықаралық трибуналмен өзара іс-қимылдарды жалғастырудың қажеттігін атап өтті.

НАТО жетекшілері Мүшелікке даярлау жөніндегі іс-қимыл жоспарына қатысатын елдерге: Албанияға, Хорватия мен бұрынғы югославиялық Македония Республикасына* 2008 жылы өтетін келесі НАТО саммитінде «Альянс НАТО-ның көрсеткіштерге негізделген стандарттарына сай келетін және еуроатлантикалық аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылыққа өз үлесін қоса алатын елдерді шақыруға ниетті» екенін айта отырып, Бас хатшы айтқандай, «анық белгі» берді.

Ригада НАТО-ға мүше елдердің басшылары серіктестік құрылымдары мен оның Австралия, Жаңа Зеландия және

Жапония сияқты байланыс елдерімен қарым-қатынастар шеңберінде саяси және практикалық әлеуетті дамытуға бағытталған жұмысты жүргізу жөнінде нұсқау берді. Бұған консультацияларға мақсаттылық сипатын беру, кеңестерді икемдірек форматтарда өткізу және Жерорта теңізі диалогы мен Ыстамбұл ынтымақтастық бастамасы үдерісіне қатысушы елдер, сондай-ақ байланыс елдері сияқты жаңа серіктестер үшін серіктестіктің қазіргі бар құралдарының кеңірек ауқымда қолданылуын қамтамасыз ету шаралары кіретін болады.

Ригада Солтүстік Атлантика Одағы елдерінің басшылары Жерорта теңізі диалогы мен Ыстамбұл ынтымақтастық бастамасы бойынша серіктес елдердің әскери қызметкерлерін даярлауға көмектесу үшін НАТО Даярлау саласындағы ынтымақтастық туралы бастаманы ұсынды. Бұл кезең-кезеңімен жүзеге асатын болады. Бірінші кезеңде, қолданыстағы НАТО даярлау және оқыту бағдарламалары мен серіктестік құралдарына қатысуды кеңейту, сондай-ақ Римдегі НАТО Қорғаныс колледжінде Таяу Шығыс факультетін ашу жоспарланды. Екінші кезеңде, НАТО Таяу Шығыстағы оқу орнының құрылуына жәрдем көрсете алар еді.

Ригада НАТО-ға мүше елдердің басшылары Грузияның осы ұйымға мүше болуға талпынысына байланысты бірқатар мәселелер бойынша Қарқынды диалогтың басталуын құптады. Олар сондай-ақ, НАТО мен Украина арасындағы Ерекше серіктестіктің маңызын тағы да растады және Қарқынды диалог бойынша қол жеткізілген жетістіктерді құптады. Одақтасар НАТО-Ресей серіктестігін әрі қарай тереңдетіп, НАТО-Ресей Кеңесінің әлеуетін толық пайдалану жөніндегі берік ұстанымдарын атап өтті. Сонымен қатар олар НАТО мен Еуропалық Одақтың арасында қарқындырақ және күштірек ынтымақтастық орнатуға шақырды. Бас хатшы Ауғанстан мен Косовоны «осы ынтымақтастық шын мәнісінде аса қажет екі аймақ» екенін атап көрсетті.

Латвиядағы кездесу барысында НАТО жетекшілері Солтүстік Америка мен Еуропаның арасында ажырамас бір байланыс бар екенін растап, Альянстың жаңаруының үздіксіз жалғасуына деген өздерінің ұстанымдарын атап өтті. Кездесу нәтижелері бойынша жасалған Мәлімдеменің қорытынды бөлігінде: «Біз бірлесіп қабылдаған шешімдер, сондай-ақ жүргізген жұмыстар Солтүстік Атлантика Одағының НАТО операциялары, қайта құрылған қорғаныс әлеуеті және еуроатлантикалық кеңістік ішіндегі, сондай-ақ одан тыс жерлердегі елдермен терең өзара іс-қимылдар, сондай-ақ үздіксіз жүргізілетін ішкі реформалар арқылы XXI ғасырдың қауіпсіздік ахуалына бейімделіп жатқандығын көрсетеді. Бұл күш-жігерлер біздің Ауғанстандағы миссиямыз бен Альянстың келешектегі қауіп-қатерлерге жауап бере алатын қабілетін күшейтетін болады. Біз келесі жолы қол жеткізілген жетістіктерге баға беру және жалғасып жатқан жаңару үдерісі бойынша, кеңею процесін қоса алғанда одан әрі нұсқаулар беру үшін 2008 жылдың көктемінде кездесетін боламыз», – делінген.

* Түркия Македония Республикасын оның конституциялық атауымен мойындайды.

NATO Public Diplomacy Division

1110 Brussels – Belgium

Website: www.nato.int

Email: natodoc@hq.nato.int

Division Diplomatique publique de l'OTAN

1110 Bruxelles – Belgique

Site web : www.otan.nato.int

Courriel : otandoc@hq.nato.int